ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 13 қантар №7119-24-00-2/16712 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Д.Смаилов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «23366 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Мың қадам» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жадыра Балтабековна Расулова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «23366 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Мың қадам» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жадыра Балтабековна Расулова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Мың қадам» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жадыра Балтабековна Расуловадан мемлекеттік кірісіне 358 400 (үш жүз елу сегіз мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 12 718 (он екі мың жеті жүз он сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А. Смаилов

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 13.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.02.2025, судья Смаилов А. Д., 23.05.2025

7119-24-3-1/16236